

Сырдария өзенінде "Көксарай" су қоймасын салудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 7 қазан N 1014

Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының суармалы жерлерінің сумен қамтамасыз етілуін арттыру, Сырдария өзенінде ирригациялық және экологиялық режимін тұрақтандыру, сондай-ақ осы аймақтарда төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеттің ішінде

комитеттің:

Сырдария өзенінде "Көксарай" қарсы реттегіш су қоймасын салу туралы;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеттің жоғарыда аталған объект бойынша тапсырысшы, ал бұрын осы объект бойынша белгілі бір жұмыс көлемін орындаған "CES" герман фирмасын бас жобалаушы ұйым деп белгілеу туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. "CES" герман фирмасына жобалау жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтау мақсатында Қазақстанның жобалау ұйымдарын жобалау-іздестіру жұмыстарына қатысады тараптұры ұсынылса.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі зандарда белгіленген тәртіппен:

жобалау-іздестіру жұмыстарын үстіміздегі жылы аяқтау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан 500 мың АҚШ долларына баламды қаражат берелу туралы ұсыныс енгізсін;

Сырдария өзенінде "Көксарай" қарсы реттегіш су қоймасының құрылышын іске асыру мақсатында тапсырысшы сатып алатын тауарлардың ҚҚС-тан, кеден баждары мен алымдарынан босатылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (келісім бойынша) "Көксарай" қарсы реттегіш су қоймасы құрылышының 1999 жылы инвестициялануын қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдастын.

5. Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының әкімдері "Көксарай"

қарсы реттегіш су қоймасының құрылышын жедел аяқтау мәселелері бойынша тұрақты түрде жәрдем көрсететін болсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С. Кәрібжановқа жүктеледі.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК